

Т.Б. Сағымжанова* , Н.Б. Сағындық 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: talshyn_s.95@mail.ru

ҚҰТЫПТЫҢ «ХҰСРАУ УА ШЫРЫН» ДАСТАНЫНДАҒЫ МОРальДЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ ӨСИЕТНАМА

Қазіргі таңда моральдық-этикалық мәселелерді зерттеу адамгершілік құндылықтардың қоғамдағы рөлін түсіну және оларды нығайту үшін маңызды. Жаһандану мен мәдени алмасудың күшеюіне байланысты көптеген елдерде құндылықтар жүйесі өзгеруде, бұл адамдар арасындағы өзара құрмет пен жауапкершілікке негізделген этикалық қағидаларды қайта бағалауды талап етеді. Моральдық-этикалық нормалар қоғамдық тәртіпті, әділдік пен бейбітшілікті сақтау үшін қажет болғандықтан, олардың мазмұнын терең зерттеу қазіргі қоғамда өзекті мәселелердің бірі. Түркі мәдениеті мен әдебиетінде моральдық-этикалық құндылықтар ежелгі дәуірлерден бастап қалыптасып, халық даналығы, салт-дәстүрлер және поэтикалық шығармалар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген. Бұл құндылықтар – әділдік, адалдық, сабырлық, қайырымдылық және еркіндік ұғымдарына негізделген. Түркі әдебиетінің маңызды туындыларында адамгершілік ұстанымдары көркем бейнелер, дидактикалық өсиеттер және қаһармандық тұлғалар арқылы насихатталып, қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға бағытталған. Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» дастанының осы аспектіден қарастырылуы поэманың рухани құндылықтарды дәріптеуіндегі маңызды рөлінен туындайды.

Мақалада Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» поэмасындағы моральдық-этикалық құндылықтар мен олардың түркі мәдениетіндегі рөлі қарастырылады. Құтыптың шығармасы қазақ әдебиетінің ортағасырлық үлгісі ретінде моральдық және адамгершілік нормаларды сақтау мен насихаттауға бағытталған. Ақынның кейіпкерлері арқылы әділдік, адалдық, қайырымдылық, махаббат және рухани тазалық секілді құндылықтар ашылып, олардың адамгершілік пен мәдениеттің жоғары сатысын қалыптастырудағы маңызы талданады. Сондай-ақ поэманың әдеби және философиялық тұрғыдан талдауы жасалып, қазіргі қоғамда да өзекті болып отырған моральдық-этикалық қағидалардың мәні көрсетіледі.

Түйін сөздер: мәдениет, әдебиет, құндылық, мораль, этика, өсиет.

T.B. Sagymzhanova*, N.B. Sagyndyk

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: talshyn_s.95@mail.ru

Moral and Ethical Teachings in Qutb's Poem "Khosrow and Shirin"

Today, researching moral and ethical issues is crucial for understanding the role of moral values in society and strengthening them. Due to increasing globalization and cultural exchange, many countries are experiencing changes in their value systems, which calls for a reassessment of ethical principles based on mutual respect and responsibility. Moral and ethical norms are essential for maintaining social order, justice, and peace, which makes their in-depth study one of the pressing issues in modern society. Moral and ethical values in Turkic culture and literature have been formed since ancient times and passed down from generation to generation through folk wisdom, customs, and poetic works. These values are based on concepts such as justice, honesty, patience, kindness, and freedom. Significant works of Turkic literature that reflect moral principles glorify moral ideals through artistic images, didactic teachings, and heroic figures aimed at maintaining stability in society. The examination of Qutb's "Khosrow and Shirin" in this context is due to the poem's essential role in promoting spiritual values.

This article explores the moral and ethical values in Qutb's poem "Khosrow and Shirin" and their role in Turkic culture. Qutb's work, as a medieval example of Kazakh literature, is aimed at preserving and disseminating moral and ethical values. Through the poem's characters, qualities such as justice, honesty, kindness, love, and spiritual purity are revealed, and their significance in forming the higher stages of morality and culture is analyzed. The poem is also analyzed from a literary and philosophical perspective, highlighting the significance of moral and ethical principles that remain relevant in modern society.

Keywords: culture, literature, values, morality, ethics, legacy.

Т.Б. Сағымжанова*, Н.Б. Сағындық

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: talshyn_s.95@mail.ru

Морально-этические наставления в поэме Кутба «Хосров и Ширин»

В настоящее время исследование морально-этических вопросов важно для понимания роли нравственных ценностей в обществе и их укрепления. В условиях усиления глобализации и культурного обмена во многих странах система ценностей меняется, что требует пересмотра этических принципов, основанных на взаимоуважении и ответственности. Морально-этические нормы необходимы для поддержания общественного порядка, справедливости и мира, поэтому их глубокое исследование является одной из актуальных задач современного общества. Морально-этические ценности в тюркской культуре и литературе формировались с древних времен и передавались из поколения в поколение через народную мудрость, обычаи и поэтические произведения. Эти ценности основывались на таких понятиях, как справедливость, честность, терпение, доброта и свобода. Важные произведения тюркской литературы, отражающие моральные принципы, прославляют нравственные установки с помощью художественных образов, дидактических заветов и героических персонажей, направленных на сохранение стабильности в обществе. Рассмотрение поэмы Кутба «Хосров и Ширин» в этом аспекте обусловлено ее важной ролью в прославлении духовных ценностей.

В статье рассматриваются морально-этические ценности в поэме Кутба «Хосров и Ширин» и их роль в тюркской культуре. Произведение Кутба является средневековым образцом казахской литературы, направленным на сохранение и распространение нравственных и моральных ценностей. Через персонажей поэмы раскрываются такие качества, как справедливость, честность, доброта, любовь и духовная чистота, анализируется их значение для формирования высших ступеней морали и культуры. Также проводится литературный и философский анализ поэмы, показывается значение морально-этических принципов, которые остаются актуальными и в современном обществе.

Ключевые слова: культура, литература, ценности, мораль, этика, завещание.

Кіріспе

Қазіргі таңда жаһандану мен мәдениеттер арасындағы өзара ықпалдастықтың күшеюі адамзаттың рухани құндылықтарын қайта бағалауға деген сұранысты арттырып отыр. Бұл үдеріс барысында моральдық-этикалық ұстанымдарды зерттеу маңызды рөл атқарады, себебі адамгершілік қағидалар қоғамның тұрақтылығын, әлеуметтік үйлесімділікті сақтаудың негізін құрайды. Түркі әдебиеті мен мәдениеті ежелден бері моральдық-этикалық құндылықтарды сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Түркі халықтарының рухани мұраларында әділдік, адалдық, сабырлық, еркіндік сынды қағидалар басты орын алады. Әсіресе, ортағасырлық әдебиетте халықтың дүниетанымы, рухани және адамгершілік ұстанымдары поэтикалық тәсілдер арқылы көркем түрде бейнеленген.

Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» дастаны – ортағасырлық түркі әдебиетінің көрнекті үлгісі және сол кезеңнің моральдық-этикалық нормаларын жеткізетін туынды. Дастандағы кейіпкерлердің іс-әрекеттері, ой-толғаныстары және өмірге деген көзқарастары арқылы түркі

мәдениетіне тән рухани құндылықтар, соның ішінде махаббат, адалдық, әділдік және мейірімділік сынды негізгі адамгершілік қасиеттер дәріптеледі. Құтыптың бұл туындысы тек әдебиет емес, сонымен қатар философиялық тұрғыдан да ерекше мәнге ие, себебі ол түркі қоғамының моральдық-этикалық ұстанымдарын бейнелеп қана қоймай, оларды кейінгі ұрпақтарға жеткізуге ұмтылады.

Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» дастаны ортағасырдағы моральдық-этикалық құндылықтарды зерттеуде маңызды рөл атқарады. Бұл шығарма ортағасырлық түркі әдебиетінің көрнекті үлгісі ретінде қазақ қоғамының адамгершілік, махаббат, адалдық, әділдік және мейірімділік секілді негізгі құндылықтарын сақтап, насихаттауда үлкен мәнге ие. Дастандағы кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен ой-толғаныстары арқылы көрініс табатын моральдық және этикалық ұстанымдар, қазіргі таңда да өз мәнін жоймай, адамгершілікке, мәдениетке және қоғамда ынтымақ орнатуға үлгі бола алады.

Әсіресе, шығарманың мазмұнындағы адамгершілік пен мәдениеттің жоғары сатысын қалыптастыруға ықпал ететін идеялар мен ұста-

нымдарға ерекше назар аударылады. Дастанның рухани құндылықтары бүгінгі күні де өзекті, себебі адамгершілік қағидалары мен мәдениетті дамытуға арналған моральдық ұстанымдар қазіргі қоғамда маңызын жоғалтпаған.

Материалдар мен әдістер

Мақала барысында Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» дастаны алынып, оның мәтініне талдау жасалды. Сондай-ақ түркі әдебиеті мен мәдениетіне қатысты тарихи деректер, ортағасырлық түркі жазба әдебиеті мен оның ерекшеліктері туралы еңбектер пайдаланылды.

Мақалада қолданылған қосымша ғылыми әдістер мыналарды қамтиды:

Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы Құтып дастанының Низамидің осы аттас шығармасымен байланысы салыстырылып, автордың моральдық-этикалық категорияларды қалай бейімдегені зерттелді. Түркі және парсы мәдениетіндегі ұқсас этикалық дәстүрлер арасындағы байланыстар қарастырылды. Түркі мәдениетінің этикалық негіздері мен олардың қазіргі кездегі өзектілігіне *философиялық талдау* арқылы баға берілді. Дастандағы моральдық-этикалық мәселелерді ашу үшін *мазмұндық талдау* әдісі қолданылды.

Сондай-ақ поэманың тілдік ерекшеліктерін, оның ішінде қолданылған моральдық-этикалық ұғымдарды талдау барысында *лингвистикалық талдау әдісі*, түркілік мәдениет пен исламдық құндылықтардың үйлесімін көрсету үшін *мәдениетаралық талдау әдісі* пайдаланылды. Түркі халықтарының этикалық қағидастарының ислам мәдениетімен қалай қабысып, жаңа сапалық деңгейге жеткенін көрсетуге баса назар аударылды.

Дастандағы *құндылықтық бағдарларды талдау* арқылы Құтыптың моральдық-этикалық қағидалары және олардың шығарманың негізгі мәні ретінде берілуі зерттелді. Құндылықтық талдау арқылы дастанда бейнеленген адамгершілік пен мәдени құндылықтар анықталып, олардың түркі қоғамына ықпалы қарастырылды.

Әдебиеттерге шолу

Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» дастаны – XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда-Қыпшақ дәуіріндегі маңызды әдеби мұралардың бірі. Деректерге сәйкес, Құтып XIV ғасырдың

орта кезеңінде Ақ Орданың астанасы Сығанақ қаласында өмір сүрген және осы қалада 1341-1342 жылдары «Хұсрау уа Шырын» дастанының нәзиралық нұсқасын жазып шыққан. Бұл шығармасын ел билеушісі Тыныбек би мен оның жұбайы Мәлике ханымға арнаған. 1383 жылы дастанның бір көшірмесі қыпшақ ақыны Берке Факихтің толықтыруымен (алғы сөзі мен қорытындысын қосқан) Мысырда жазылып, қазіргі кезде Париждің ұлттық кітапханасында сақталуда. Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» дастаны Низамидің осы аттас шығармасы желісінде жырланып, алайда автор бұл дастанды назира дәстүрімен қайта өңдеп, махаббат пен ел билеушілік тақырыптарын жаңа қырынан баяндаған. Бұл шығармада шынайы махаббат адамның рухани өсуіне және қоғамның дамуына ықпал ететін күш ретінде суреттеледі. Құтып махаббатты адамның жан дүниесін тазартатын, мейірім мен ізгілікті оятатын сезім ретінде бейнелеген. Дастанда ирандық тұрмыс-тіршілік түркі халықтарының дәстүрімен үндестіріліп, әйел бейнелері қыпшақтардың салт-санасына, наным-сенімдеріне сай суреттелген. (Күзембаев, 2023, б. 42)

Құтыптың шығармашылығы мен оның «Хұсрау уа Шырын» дастаны түркі және қазақ әдебиетінің ортағасырлық кезеңін зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған. Әдебиеттану саласында бұл шығарма көбінесе түркі әдебиетінің классикалық үлгісі ретінде бағаланып, оның қазақ әдебиетіндегі орнына ерекше көңіл бөлінеді. Құтыптың әдебиеттегі орны мен поэмасының ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар поэманың стилін, тақырыптық құрылымын және кейіпкерлер бейнесін жан-жақты талдаған.

А. Зайончковский бұл шығарманы қыпшақ диалектісінде жазылған түркі тілінің аса бағалы әдеби мұрасы ретінде бағалады. Ол туындыны Низами поэмасының тура аудармасы емес, қайта өңделіп жазылған шығарма деп таныды (Зайончковский, 1962, б. 57). Зайончковскийдің зерттеуіне сәйкес, Құтып шығармасы түпнұсқа идеяларын сақтай отырып, оны түркі мәдениетіне, әсіресе, қыпшақ ортасына тән мазмұнмен толықтырған. Ғалым Құтыптың поэманы адаптациялау арқылы түркі әлемінің мәдени және рухани мұрасын насихаттауда маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

Ал Е.Э. Бертельс бұл туындыны Низами поэмасының толық және көркем аудармасы ретінде бағалайды. Оның зерттеуінде Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» дастаны түпнұсқаның

поэтикалық мәні мен құрылымын сақтағанын көрсетіп, бұл аудармада түпнұсқаның идеялық және көркемдік деңгейі берік сақталған деп тұжырымдалады. Бертельс Құтыптың шығарманы аударудағы шеберлігін жоғары бағалай отырып, бұл туындыны мәдени және тілдік жағынан Низамидің классикалық поэзиясына сай келетін бейімделген нұсқа ретінде қарастырады (Бертельс, 1988, б. 10).

Түрколог-ғалым Ә.Н. Нәжіп парсы тіліндегі түпнұсқасы мен қыпшақ-оғыз тіліндегі «Хұсрау уа Шырын» нұсқасының негізі ортақ екенін ерекше назарға ала отырып, Құтыптың аударған нұсқасын жартылай төл туынды әрі дербес роман ретінде бағалаған (Нәжіп, 1979, б. 271).

Жоғарыдағы пікірлерге сүйене отырып, Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» дастаны түркі әдебиетіне бейімделген және мәдениетаралық ықпалдастықтың ерекше үлгісі болып табылатын бірегей туынды деген тұжырым жасауға болады. Яғни, поэма түпнұсқа мен түркілік ерекшеліктерді үйлестірген, әрі түркі мәдениеті мен әдебиетіне тән құндылықтарды насихаттауда маңызды рөл атқарған әдеби мұра ретінде қарастырылады.

Отандық ғылымда да ежелгі әдебиеттің қалыптасуы мен дамуы тұрғысынан Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, Х. Сүйіншәлиев, Қ. Өмірәлиев, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, М. Жолдасбеков зерттеулерінде кеңінен қарастырылды. Оның ішінде Құтып ақын поэмасы тілінің ерекшеліктері мен көркемдігі мәселелерінің қазақ әдебиетіне қосқан үлесіне баса мән берді.

Мәселен, Н. Келімбетов Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» поэмасында түпнұсқадағы идеяны, сюжетті, мазмұны мен формасын, дастанның көркемдік ерекшеліктерін сақтай отырып, өз дәуіріндегі мемлекеттік-әлеуметтік құбылыстарын табиғи түрде енгізе білгендігін айтады (Келімбетов, 2005, б. 30).

Ортағасырдағы түркі және қыпшақ тілдерінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын зерттеуде М. Сабырдың ««Хұсрау мен Шырын» поэмасы және оның тілі» еңбегі маңызды. Ғалым Құтыптың шығармашылығын басқа да ортағасырлық түркі ақындарымен салыстыра отырып, поэманың қазақ мәдениетіне тән құндылықтарды сақтап қалудағы және таратудағы рөлін ерекше атап өтеді және түркі әдебиетінің тарихи сабақтастығын көрсетіп дәлелдейді. Зерттеу барысында ортағасырлық әдеби тілдің қазіргі қазақ тілінің қалыптасуына әсерін жан-жақты сараптайды (Сабыр, 2003, б. 166).

Құтып аударған «Хұсрау уа Шырын» дастанын қазақ тілінде зерттеп, оның ғылыми сөздігін құрастырған ғалым – А. Ибатов (Ибатов, 1974). Сөздікте дастандағы 4400-ден астам сөз бен сөз тіркесіне түсініктеме беріліп, мысалдар келтірілген. Бұл қазақ мәдениетінің тарихи тамыры мен түркілік рухани мұраларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. А. Ибатовтың жасаған сөздік дастандағы көне сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ашу арқылы қазақ халқының мәдени, тілдік және дүниетанымдық ерекшеліктерін тануға жол ашады.

Сондай-ақ түркі халықтарының әдеби мұраларын зерттеген ғалымдардың еңбектерінде VII-XV ғасырлардағы түркі тектес халықтардың рулық дәуірінде ортақ жазба мәдениеті, тілі және әдебиеті болғандығы жөнінде ортақ көзқарас бар. Яғни, «Хұсрау уа Шырын» дастанында басқа да әдеби жәдігерлердей – құндылықтық сипаттардың берілуі заңдылық. Дастандағы шынайы махаббат, адамгершілік және рухани тазалық идеялары адамның ішкі әлемін жетілдіруге бағытталған, бұл түркі мәдениетінің этикалық құндылықтарын сипаттайды. Осылайша поэмадағы моральдық-этикалық ұстанымдар сол дәуірдегі түркі әлемінің ортақ рухани мұрасының айғағы ретінде көрініс табады.

Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» шығармасын зерттеу нысанасы ретінде талдау шетелдік зерттеулер үшін де маңызын жойған жоқ. Мәселен, соңғы осыған қатысты ізденістерде мынадай пайымдаулар бар: Низами махаббатты жай ғана оқиға желісі ретінде емес, адамгершілік пен рухани болмысты таразылайтын моральдық-философиялық сынақ ретінде суреттейді. Поэмада Шырын адалдықтың, ізгіліктің және тұрақтылықтың символы ретінде көрінсе, Хұсрау нәпсі, билікке ұмтылыс пен ар-ұждан арасындағы ішкі қайшылықты бойына жинақтаған күрделі тұлға ретінде танылады (Khalegdadi et al., 2025; Sagidova, 2025). Сондай-ақ Хұсрау мен Шырын арасындағы махаббат «Ләйлі-Мәжнүндегі» тылсым, мистикалық сипаттағы сезімнен гөрі, жерлік, өмірлік және некелік сипатта түсіндіріледі. Соған қарамастан, бұл махаббат тек тұрмыстық деңгейде қалмай, рухани кемелденуге, адамдық биіктеуге бастайтын терең сезім ретінде танылады (Sarhaddi, 2020).

Моральдық-этикалық ұстанымдар – адамның өмірдегі тұрақты және жалпы мінез-құлық нормалары, ал моральдық-этикалық өсиетнама белгілі бір даналық сөздер, нақылдар және қа-

ғидалар арқылы берілетін, тікелей насихаттауға негізделген құрал.

Әдеби шығармаларда бұл категориялар кейіпкерлердің мінез-құлқы, олардың іс-әрекеті, диалогтары және авторлық көзқарастар арқылы жан-жақты ашылады. Мысалы, батырлық жырларында – ерлік, әділеттілік, адалдық ұстанымдары көрініс тапса, лирикалық поэзияда – махаббатқа адалдық, шынайылық, адамгершілік қасиеттер дәріптеледі. Қоғамдағы моральдық-этикалық құндылықтар әдебиетте көркем бейнелер, символдар және аллегориялар арқылы беріледі, ал кейде нақты ақыл-кеңестер, өсиетнамалар түрінде кездеседі.

Моральдық-этикалық өсиетнамада да адамның шынайы жетілуі мен қоғамдағы орны туралы идеялар басым. Өсиетнамаларда адам бойына адалдық, әділеттілік, мейірімділік секілді қасиеттерді сіңіру, осылайша адамның қоғамға пайдалы болуына ықпал ету – басты міндет ретінде қарастырылады.

Ортағасырлық философ, ойшыл және энциклопедист-ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің «**Әлеуметтік-этикалық трактаттар**» атты әлеуметтік және этикалық мәселелерге арналған еңбектерінің жинағында этикалық құндылықтарды қалыптастыруда тәрбиенің рөлі басым. Ойшылдың пікіріне сүйенсек, нағыз тәрбие адамның этикалық құндылықтарды меңгеріп, игілікті өмір сүруіне бағыттайды. Бүгінгі таңда бұл тұжырымдар өзекті, өйткені адамгершілік пен білімге негізделген тәрбие беру – қоғамды дамытудың басты шарты (Әл-Фараби, 1975, б. 73)

Осы ретте, Құтып ақынның өсиетнамасында қамтылған этикалық-моральдық тақырыптардың берілуі философияның да, әдебиеттің де, мәдениеттің де нысаны ретінде зерттелуінің толық негізі бар екендігін аңғарамыз. Қазіргі философ және әдебиеттанушы ғалымдар да моральдық-этикалық ұстанымдар мен өсиетнамалар әдебиет-

те халықтың дүниетанымын, әлеуметтік-мәдени құндылықтарын жеткізудің құралы деп қарайды (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2006).

Нәтижелер мен талқылау

Сонымен, моральдық-этикалық категориялар адам өмірінің маңызды қырларын қамтып, адамның қоғамдағы мінез-құлқы мен рухани әлемін реттейді. Ортағасырдағы түркі әдебиетінде бұл категориялар махаббат, адалдық, әдептілік, борыш, абырой және әділеттілік ұғымдары арқылы кеңінен көрініс тапқан. Құтып ақын да поэмасында адамгершілікке, ұлтына деген сүйіспеншілікке шақырып, өз басынан халық мүддесін жоғары қоюға, өнер мен білімге ұмтылуға, махаббатқа адал болуға және туған жерді құрметтеуге үндейді.

Құтыптың өмір сүрген дәуірі – Алтын Орданың мәдениет пен ғылымның ерекше дамып, Дешті-Қыпшақтың астанасы Гүлістан-Сарайдан ғұламалар, дін қайраткерлері және талантты ақындардың шыққан кезеңі. Бірақ Ақсақ Темірдің жойқын жорықтары мемлекеттің әлсіреуіне, экономиканың құлдырауына және дарынды тұлғалардың Мысырға қоныс аударуына алып келді. Соған қарамастан, мәмлүктер билігі тұсында қыпшақ, оғыз диалектісінде Ислам мен Шығыс гуманизмін насихаттап, ежелгі дәуір құндылықтарын дәріптейтін шығармалар жазылды. Сол себепті, поэмада діни моральдық-этикалық өсиетнамалар жиі кездеседі. Бұл шығармада автор шынайы махаббат, әділдік, даналық және рухани тазалықты дәріптей отырып, сол дәуірдегі исламдық құндылықтарды және қоғамға қажетті моральдық-этикалық тәлімдерді насихаттаған.

Дастанның кіріспесінде өлең жолдары терең моральдық-этикалық ұғымдарды қамтиды. Осы тұрғыдан бұл жолдарда бірнеше негізгі қағидалар байқалады (1-кесте):

1-кесте

«Хұсрау уа Шырын» дастанындағы діни моральдық-этикалық ұғымдардың философиялық мәні

Моральдық-этикалық ұғымдар	«Хұсрау уа Шырын» дастанынан үзінді	Философиялық мәні
Құдайға сенім және иман	<i>Ұлы Тәңір әлемді жаратты, Тік көтеріп, жерді, көктерді жаратты. Қуә барша халайық барлығыңа, Дәлелдер де көп Бар және Бірлігіңе</i>	Аллаға тәуекел ету, оның мейірімі мен рақымын сұрау – сенім мен иманның көрінісі. Ақын Алладан жақсылық пен қолдау сұрай отырып, өз жақындарына қамқор болуға ұмтылады. Бұл қасиет ортағасырлық түркі әдебиетінде жиі кездесетін имандылық құндылығын көрсетеді.

Моральдық-этикалық ұғымдар	«Хұсрау уа Шырын» дастанынан үзінді	Философиялық мәні
Көңіл тазалығы мен рухани нұрлану	<i>Бұл көңілімнің айнасын жарқырата бер, Барлық қиын істерімді шешуге мүмкіндік бер Ішімді өз нұрыңмен нұрландыр, Тілімді өзіңді мадақтауға бағытта.</i>	Алладан өзінің көңілін ашуын, оны түрлі қате ойлар мен уайымнан тазартуды сұрайды. Бұл рухани тазалыққа деген ұмтылысты, адалдық пен шынайылықты білдіреді. Рухани тазалық моральдық категория ретінде адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне және дұрыс жолда болуына мүмкіндік береді.
Адамгершілік құндылықтарға бағыттау	<i>Мубәрәк қыл сөзімді барша жаһанға. Кім оқыса оның ділі ашылсын Тілімнен жұпар мен «анбар» шашылсын. Қарамен (жазылған жазуы) көзді толық нұр қылсын, Оны тыңдағандардың жаны рақаттансын</i>	Ақын Алладан өз тілін жақсы сөзге, мадаққа бағыттауды сұрайды. Бұл жақсылыққа ұмтылу, қоғамға пайдалы болу ниетін білдіреді. Ортағасырлық түркі мәдениетінде сөздің күдіретіне сену, дұрыс әрі әділ сөйлеуге ұмтылу маңызды моральдық қасиеттердің бірі болған.

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Британ энциклопедиясында тарихи және тілдік байланыстармен қатар түркі халықтарын біріктіріп тұрған негізгі күш ретінде Исламды атайды. Осылайша, Ислам мәдениеті тек діни ұстаным ғана емес, түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасына және моральдық-этикалық негіздеріне арқау болып, олардың бірлігін қамтамасыз етеді.

Х. Сүйіншәлиевтің пікіріне сүйенер болсақ, орта ғасырларда Араб халифатының ықпалымен түркі мәдениеті қарқынды дами бастады. Түркілер Ислам дінін қабылдап қана қоймай, араб жазуын да игеріп, үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Орта Азиядан араб, парсы және түркі тілдерін еркін меңгерген дарынды ғалымдар, философтар, көрнекті әдебиетшілер шығып, осы тілдерде өз шығармаларын жазды (Сүйіншәлиев, 2006, б. 10).

Яғни, Ислам діни рухани бағдар бере отырып, адамның өзін-өзі ұстауы мен адамгершілікке негізделген қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Құтыптың поэмасында көрініс тапқан адамгершілік құндылықтар Исламның түркі халықтары арасындағы рухани және моральдық-этикалық негіз ретіндегі рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мәселен:

*«Бәрінен білсең (санасаң) төмен өзіңді,
Аяқ арасында жер қылсаң жүзіңді»
(Әдеби жәдігерлер, 2012, б. 218), –*

деген жолдар арқылы адамға өзін өзгелерден жоғары санамай, керісінше қарапайым болуды

насихаттайды. Өзін төмен санау, яғни кішіпейілділік таныту – өзімшілдік пен менмендіктен бас тартуды білдіреді. Бұл адамды өз ортасында сыйлы, сыпайы әрі құрметке лайық етеді. Осы жолдардан соң ақын «*Сыпайылық сақта, біл тағдырдың қаталдығын, өмір қысқа, қайырымды бол*» деп ескертеді. Бұл жерде де адам тағдырдың сынақтары мен қиындықтарына дайын болуы керек, сол қиындықтарға қарсы қайырымдылық пен адамгершілікті сақтай білу қажет деген ойды жеткізеді. Өмірдің өткіншілігін түсіну және мейірімді болу – адамның рухани жетілу жолындағы маңызды қадам.

*Сабырлы бол өзің, ауыр-ауыр сөздерді көтеруші бол,
Қаниа сені әлсіретсе ол.
Дәрменсіздік асса бір жолата шегінен
Шыдамдылық көрсетіп, төзімді бол!
(Әдеби жәдігерлер, 2012, б. 170).*

Бұл жолдарда сабырлық танытуы және сынақтарға төзімді болуы моральдық жетілу ретінде бағаланады. Құтып шыдамдылықты асыл қасиет ретінде дәріптейді, оны моральдық шекараларды сақтау құралы ретінде қарастырады. Бұл – кек сақтамау, сабырлылық пен кешірімділік арқылы рухани биіктікке жету. Моральдық тұрғыдан «төзімді болу» ұстанымы жеке тұлғаның рухани тазалығын көрсетеді, бұл өзге адамдардың теріс әрекеттеріне сабырлықпен қарау арқылы ішкі тыныштықты сақтау идеясын қолдайды.

Құтып ақынның ой-түйіндерін жинақтаған ғалым Нұрмұратов өзінің зерттеулерінде: «*«Төзімді тілегіне жетеді», «Қаниша асықсаң да – мезгілі жетпей іс бітпейді», «Шатысқан істің шешімі – шыдам»* деген нақыл сөздерінде адам бойындағы жасырын қабілеттер мен дарынды ашып, оны төзімділікке, еңбекқорлыққа және сабырлыққа тәрбиелеу идеялары көрініс табады. Адамның өмірдегі жетістіктерінің көбісі оның жеке еңбегіне байланысты, ал оның қабілеттерінің шынайы көрінуі маңызды рөл атқарады. Егер адам кейбір сәтсіздіктердің себебін сыртқы ортадан немесе басқа адамдардан іздейтін болса, бұл оның рухани әлсіздігін көрсетеді», – дейді (Нұрмұратов, 2005, б. 309).

Өзімшілдікке бой алдырған адамға Құтып: «*Өзіңнен төмен кісіні кемітпе, Арыстанның тісін жұмсақ деп ойлама»*, – деп ескертеді. Ойшылдың мұндай тәрбиелік мәні бар, адамды ізгі жолға бағыттайтын және адамзат тәрбиесіне назар аудартатын ұлағатты сөздер молынан ұшырасады. Мысалы, «*Күш көрсетпе, қорлық іздеме»*, «*Жаман ниетті адамдармен жақын болма»*, «*Ізгі болғың келсе – өзің де ізгілік таныт»* деген даналық сөздері де бар (Нұрмұратов, 2007, б. 14).

Сонымен шынайы мәдениет тек білім мен өнерде ғана емес, адамның ішкі дүниесіндегі адамгершілік қағидаларында көрініс табады. Адамгершілік пен мәдениетті үйлестіру – адамның бойында тұрақты адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, оларды дамытуға негіз болатын және адам өміріне лайықты жағдайлар мен өмір сүру үлгілерін құруға бағытталады. Бұл адамның ішкі мәнін ашып, оны жетілдіруді қамтамасыз ететін адамгершілік мәдениетті білдіреді (Ғабитов, 2014, б. 93).

Адамгершіліктің жоғары деңгейіне жеткен тұлға қоғамда әділдік, жауапкершілік, қамқорлық сияқты қасиеттерді нығайтып, мәдениеттің мәнін тереңірек аша түседі. Құтыптың поэмасында да осы адамгершілік құндылықтары мәдениетпен үйлесе отырып, тұлғаның және қоғамның моральдық өрлеуін суреттейді.

*«Күмістей бұлақ жер үстіне ектім,
Мұнымды оратын егінші көне»*
(Әдеби жәдігерлер, 2012, б. 218), –

жолдарында ақын жасаған еңбегінің, жазған шығармасының өз игілігін халыққа арнайтынын меңзейді. Адамның жасаған еңбегі мен ізгі ісі

қоғамға пайдалы болуы керек деген моральдық-этикалық ұстанымды жеткізеді. Бұл – еңбектің маңызын түсініп, оның нәтижелерін қоғамға арнау идеясын қолдау.

Өмірдің қысқалығын айтып, «*қайырымды бол»* деп өсиет айтуы ізгілік пен қайырымдылықты өмірдің басты құндылығы ретінде көрсетеді. Ақын адамды осы өмірде басқа адамдарға жақсылық жасауды, оларды қолдауды өмірдің мәні деп санайды. Бұл – адамның өз ортасындағы ізгі істер арқылы рухани дамуын көздейтін моральдық өсиет.

*«Басқа көп қиссалар жазылды сансыз,
Олардың қасында бұл екінші гауһар»*
(Әдеби жәдігерлер, 2012, б. 218), –

деп, өзін екінші орынға қою себебі – оның кішіпейілдігі мен әдеби дәстүрге деген құрметінде жатыр. Бұл сөздері арқылы Құтып өз туындысының маңыздылығын мойындай тұра, оны бұрынғы ұлы шығармалардан төмен санайды, өзін сол шығармалардың жалғастырушысы, ізбасары ретінде көрсетеді. Бұл оның өзіне дейінгі ұлы ақындарға, әсіресе, Низами сияқты классиктерге деген құрметі мен сыпайылығын білдіреді.

Сонымен қатар бұл жолдар ортағасырлық әдеби дәстүрге сай өзін кемелденген туындылардың қатарына қосқанымен, оны толықтай өзінен жоғары санаудан да аулақ екенін байқатады. Құтып ақын бұл өлең жолдары арқылы даналық пен кішіпейілділіктің ұстанымдарын көрсетеді, яғни әдебиетте өз орнын білумен қатар, шығармасын да бағалай білу қасиетін танытады.

Бұл дастанда Құтып ақын өз еңбегіне қарапайымдылықпен қарауға, оқырманға ізгі ниет пен құрмет көрсетуге бағытталған моральдық-этикалық өсиеттерді ұсынады. Ақын өзін төмен ұстап, оқырманның түсінігіне және дұғасына үміт артады, бұл оның қарапайымдылығын, өзін-өзі сыншылдықпен қарауын және еңбегіне сыни көзқараспен қарауға шақыратынын білдіреді. Бұл пікірді төмен берілген мысалдармен дәлелдей аламыз:

Ақын өз шығармасын оқырмандардың әділ бағасына қалдырып, «*хатымды (еңбегімді) нашар деп кінә қоймаңыз»* деп кішіпейілділік танытады. Бұл жерде ол өзін ұлы туындылардан төмен санап, өз еңбегіне сын көзбен қарайды. Бұл адамға өз жетістігіне мақтанышпен қара-

мау, керісінше, кемшіліктерін түсініп, жақсартуға ұмтылу қажеттілігін көрсетеді. Мұндай ойлар қазақ әдебиетінде «*Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!*» деген Абайда да, «*Кінә қойма, жақсы дос, енді маған, Мұнарланған даламнан кеңдік алам*» деген Тұманбайда да кездеседі. Яғни, бұл тек ортағасырлық түркі мәдениетіне тән ғана емес, күллі мәдениеттің ортақ философиясы ретінде бағаланады.

Бұл ойды төмендегі жолдар нақтылайды:

*«Жазушы жазарда жаңылса қолы,
Оқырман оқырда түзетер оны»*
(Әдеби жәдігерлер, 2012, б. 218).

Мұнда ақын оқырманнан түсіністік пен кешірім сұрап, егер кемшіліктері болса, оларды түзетуге мүмкіндік беретініне үміттенеді. Сондай-ақ: «*Кім оқыса мұны білер, ол, егер ол ердің бар болса жаны*» (Әдеби жәдігерлер, 2012, б. 218), – деп оқырманның саналы, түсінігі мол адам болғанын қалайды. Оқырманды ерекше құрметтей отырып, оның дұғасына үміт артады: «*(Оқып) түгетсең (бітірсең) дұғаңнан ұмытпа мені*» (Әдеби жәдігерлер, 2012, б. 218). Мұнда автордың оқырманмен сыйластық және жақын қарым-қатынас орнатуға ұмтылуы, оның ризашылығы мен ізгі ниетіне үміт артуы көрінеді. Оқырманға қайырлы дұға жасауды өтінеді және сол дұғаның өзіне қайырлы болатынына сенім білдіреді. «*Тәңірім тілегіңді берсін саған*» (Әдеби жәдігерлер, 2012, б. 218), – деп ізгі тілек білдіреді, бұл оның адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынасты, өзара қайырлы тілектерді насихаттауынан көрінеді.

Осылайша, ақын шығармасының құндылығын оқырманның ниетіне қалдырып, шығармасын тәубешілдікпен ұсынады. Ол өзін қоғамға қызмет етуші ретінде ғана көрсетіп, осы арқылы адамның қарапайымдылық пен тәубеге келуге шақырады. Мұндағы моральдық-этикалық өсиетнама оқырманмен өзара құрмет, кішіпейілділік, ізгі ниет, сын көтеру, қателіктерді түсіністікпен қабылдау, дұға арқылы байланыс орнату сияқты құндылықтарды дәріптейді. Ақынның бұл қасиеттері оның шығармасына ғана емес, бүкіл өмірге деген көзқарасын көрсетеді және адамгершілікке толы қарым-қатынас орнатудың үлгісі ретінде көрінеді.

Құтыптың өлең жолдарындағы моральдық-этикалық өсиетнамалар қоғамның, әсіресе би-

леушінің әділетті болуы қажеттілігін, билік пен байлықтың өткіншілігін, қарапайымдылықты сақтауды, қайырымдылық пен игі істерге шақыруды насихаттайды. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Абай және Шәкәрім сияқты ойшылдар да бұл мәселелерді өз еңбектерінде кеңінен қарастырып, қоғамның рухани дамуына ықпал ететін басты факторлар ретінде көрсеткен. Осылайша, Құтыптың өсиеттері – тек билік басындағы адамдарға ғана емес, бүкіл қоғамға қажетті адамгершілік қағидаттар жүйесін бейнелейтін маңызды моральдық-этикалық құндылықтар.

Бижанованың еңбегінде Құтып үшін Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны маңызды ақпарат көзі болғандығы, сондықтан екі ақынның туындыларында мінсіз билеуші мен әділетті қоғам туралы ұқсас ойлар көрініс табатындығы айтылады. Яғни, Құтыптың да, Баласағұнның да ұғымында халықты ақылды әрі әділ адам басқаруы тиіс, ол ең алдымен халықтың игілігін ойлап, шенеуніктер мен ұлықтарды қатаң бақылауда ұстап, әділетсіздік жасағандарды қатаң жазалауы керек. Егер билеуші бұл қасиеттерге ие болмаса, халықтың қарғысына ұшырауы мүмкін (Бижанова, 2013, б. 61)

Құтып ақынның дастанында әділ билеушіге қатысты өсиетнама ерекше орын алады. Ақын халықтың қарғысын алмау үшін «*Бағыныштыларға зұлымдық қылма, әділ бол*» (Әдеби жәдігерлер, 2012, б. 200) деп, патшаның әділ болуы керектігін ескертеді:

Әділ билеушінің қоғамдағы рөлін көрсетуде әл-Фарабидің «*Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары*» атты трактаты еңбегінің маңызды екендігін білеміз. Әл-Фарабидің пікірінше, билеуші халыққа қызмет етіп, әділдікке негізделген қоғамды қалыптастыруы тиіс. Әділ билеуші халықтың игілігі үшін жұмыс істейді және қоғамның тұрақтылығы мен дамуында негізгі рөл атқарады (Әл-Фараби, 2006, б. 251). Құтыптың әділ билеушіге деген өсиеті әл-Фарабидің әділетті билеушіге қатысты ұстанымдарымен үндесіп, билеушінің әділеттілікке негізделген рөліне ерекше мән беріледі.

Әділ патшаның сипатын анықтаған соң, патшаға тәкаппарлыққа бой алдырмау керектігін ескертеді:

*«Сен осы дәулетіңе болма тәкаппар,
Мәңгілік емес бұл дәулет баста тұрар»*
(Әдеби жәдігерлер, 2012, б. 218).

Мұнда билік пен байлықтың өткінші екенін түсіндіріп, тәкаппарлықтың қауіптілігін көрсетеді. Бұл тұрғыда Шәкәрім Құдайбердіұлының кішіпейілділікке қатысты ойлары еске түседі. Шәкәрім де адамдарды тәкаппарлықтан сақтанып, қарапайым болуға шақырып, дүние мен байлықтың уақытша екенін түсіндіреді.

«Көп елдің қарғысын алма, сақтанғыл» (Әдеби жәдігерлер, 2012, б. 200) деген өсиетінде де ақын билікті әділетсіздікпен, зұлымдықпен пайдалану қауіпті екенін ескертеді. «Дара мен Жәмшид қиссасын біл» (Әдеби жәдігерлер, 2012, б. 200) деп, патшаға өткеннен сабақ алуға шақыруы – адамдардың өткеннен үйренуі керектігін және бұрынғының даналығын бағалауға бағыттайды. Бұл қазақ мәдениетінде де кең тараған. Тарихи-әдеби шығармаларда өткендегі оқиғалар мен тұлғалардан тағылым алу дәстүрі бар. Ғалымдар да бұл аспектіні қоғамның дамуындағы маңызды қадам ретінде бағалайды.

Қорытынды

Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» дастаны – түркі әдебиеті мен мәдениетінің адамгершілік құндылықтарды жеткізу мен насихаттаудағы жоғары жетістігі. Ортағасырлық түркі әдебиетінің көрнекті үлгісі ретінде поэмада махаббат, адалдық, әділдік, сабырлық және рухани тазалық сияқты моральдық-этикалық құндылықтар бейнеленген. Бұл туындының ерекшелігі – адам мен қоғамға қатысты маңызды этикалық қағидаттарды поэтикалық бейнелер арқылы шебер жеткізуінде.

Дастанда көрсетілген моральдық-этикалық өсиеттер адамгершілікті, әділдікті және шына-

йы махаббатты дәріптейді, бұл құндылықтар түркі халықтарының тарихи және мәдени ерекшеліктерімен үйлесімде бейнеленген. Әсіресе, шығарманың діни-рухани мазмұны Ислам дінінің адамгершілік пен мәдениетке қосқан үлесін көрсетіп, моральдық және рухани жетілуге бағытталған жолды меңзейді.

Дастандағы моральдық-этикалық ұстанымдар қазіргі жаһандану дәуірінде ерекше маңызға ие, өйткені ол рухани құндылықтарды сақтаудың, адамгершілікті нығайтудың маңызды тәсілі ретінде қызмет етеді. Құтыптың поэмасы ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде қалдырылған, қазіргі заманның рухани қажеттіліктеріне жауап беретін туынды. Ақынның шығармасында баяндалған адамгершілік қағидаттары адам мен қоғамның үйлесіміне бағытталған, сондықтан олар бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпайды.

Осылайша, «Хұсрау уа Шырын» дастанындағы моральдық-этикалық құндылықтар – тек өткен дәуірдің жетістігі ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманда да ұрпаққа үлгі боларлық рухани мұра.

Мақала авторларының үлесі

Т.Б. Сағымжанова зерттеу тұжырымдамасын әзірледі, материал жинады және мақаланың бастапқы нұсқасын жазды; Н.Б. Сағындық деректерді өңдеуге, нәтижелерді талдауға және мәтінді редакциялауға қатысты.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер

- Күзембаев, Ж. Е. (2023). Ортағасырлардағы әдеби жазба мұралар. *Medieval History of Central Eurasia*, 4, 42–54.
- Зайончковский, А. (1962). *Ближний и Средний Восток* (с. 56–62). Издательство восточной литературы.
- Бертельс, Е. Э. (1988). *Избранные труды. История литературы и культуры Ирана*. Наука.
- Наджип, Э. Н. (1979). *Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века на материале «Хосрау и Ширин»*. Главная редакция восточной литературы.
- Келімбетов, Н. (2005). *Ежелгі дәуір әдебиеті (Қазақ әдебиеті бастаулары)*. Атамұра.
- Сабыр, М. (2003). *Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы және оның тілі*. Қазақ университеті.
- Ибатов, А. (1974). *Құтыптың «Хұсрау-Шырын» поэмасының сөздігі (XII ғ.)*. Ғылым.
- Әл-Фараби. (1975). *Әлеуметтік-этикалық трактаттар*. Ғылым.
- Khalegdadi, A., Mandegar, A., & Khazaivafa, M. (2025). A Literary Analysis of Lyric Elements in Nezami's Poem Khosrow and Shirin. *Treasury of Persian Language and Literature*. <https://doi.org/10.61838/jtpll.154>.

Sadigova, N. (2025). Romantic Motifs in the Works of Nizami Ganjavi. *Global Spectrum of Research and Humanities*. <https://doi.org/10.69760/gsrh.0250205042>.

Sarhaddi, F. (2020). Exploration of Binary Oppositions in Nizami's Romantic Couplet Poems in Lyrical Literature. *Revista San Gregorio*, 1. <https://doi.org/10.36097/rsan.v1i37.1282>.

Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық. Алтын Орда дәуірі мен қазақ хандығы тұсындағы әдебиет (3-т.). (2006). Қазақпарат.

Сүйінішәлиев, Х. (2006). *Қазақ әдебиетінің тарихы*. Санат.

Керімұлы, Ә. (Құраст.). (2012). *Әдеби жәдігерлер: Жиырма томдық* (16-т., *Құтб. Хусрау–Шырын*). Таймас.

Нұрмұратов, С. (2005). Құтыптың жинақтаған мақал-мәтелдеріндегі философиялық түйіндер. In *Қазақ халқының философиялық мұрасы: Жиырма томдық. Ортағасырдағы түркі ойшылдары* (5-т.). Аударма.

Нұрмұратов, С. Е., & Сатершинов, Б. М. (2007). Құтып және Шәкәрім: Тарихи сана тамырластығы. *Шәкәрім әлемі*, 2, 11–15.

Ғабитов, Т. (2014). *Этика*. Қазақ университеті.

Бижанова, М. А. (2013). *Түркі даналығындағы бақыт метафизикасы*. ҚР БҒМ ҒК ФСДИ.

Әл-Фараби. (2006). Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. Азаматтық саясат. Бақытқа жолын сілтеу. Бақытқа жету жайында. In *Қазақ халқының философиялық мұрасы: Жиырма томдық. Әл-Фараби философиясы*(2-т.). Аударма.

References

Al-Farabi. (1975). *Aleumettik-etikalyq traktattar*. Gylım. (In Kazakh)

Al-Farabi. (2006). Qaiyrymды qala turghyndarynyn kozqarastary. Azamattyq saiasat. Baqytqa zholyн silteu. Baqytqa zhetu zhayında. In *Qazaq khalqynyn filosofialyq murasy: Zhiyrma tomdyq. Al-Farabi filosofiasy*. (Vol. 2). Audarma. (In Kazakh)

Bertel's, E. E. (1988). *Izbrannye trudy. Istoriia literatury i kul'tury Irana*. Nauka. (In Russian)

Bizhanova, M. A. (2013). *Turki danalyghyndaghy baqyt metafizikasy*. QR BGM GK FSDI. (In Kazakh)

Ghabitov, T. (2014). *Etika*. Qazaq universiteti. (In Russian)

Ibatov, A. (1974). *Qutybtyн "Khusrau-Shyryn" poiemasynyn sozdigi (XII gh.)*. Ghylym. (In Kazakh)

Kelimbetov, N. (2005). *Ezhelgi daur adebieti (Qazaq adebieti bastaulary)*. Atamura. (In Kazakh)

Kerimuly, A. (Comp.). (2012). *Adebi zhadigerler: Zhiyrma tomdyq*. (Vol. 16, *Qutb. Khusrau–Shyryn*). Taimas. (In Kazakh)

Khalegdadi, A., Mandegar, A., & Khazaivafa, M. (2025). A Literary Analysis of Lyric Elements in Nezami's Poem Khosrow and Shirin. *Treasury of Persian Language and Literature*. <https://doi.org/10.61838/jtpll.154>.

Kuzembaev, Zh. E. (2023). Ortaghasyrlardaghy adebi z hazba muralar. *Medieval History of Central Eurasia*, 4, 42–54. (In Kazakh)

Nadzhip, E. N. (1979). *Istoriiko-sravnitel'nyi slovar' tiurkskikh iazykov XIV veka na materiale "Khosrau i Shirin" Kutba*. Glavnaia redaktsiia vostochnoi literatury. (In Russian)

Nurmuratov, S. (2005). Qutyp tyn zhinaqtaghan maqal-matelderindegi filosofialyq tuinder. In *Qazaq khalqynyn filosofialyq murasy: Zhiyrma tomdyq. Ortaghasyrdaghy turki oishyldary*. (Vol. 5). Audarma. (In Kazakh)

Nurmuratov, S. E., & Satershinov, B. M. (2007). Qutyp zhane Shakarim: Tarikhi sana tamyrlystyghy. *Shakarim alemi*, 2, 11–15. (In Kazakh)

Qazaq adebietinin tarihy: 10 tomdyq. Altyn Orda dauiri men qazaq khandygy tusyndaghy adebiet. (Vol. 3). (2006). QazAqparat. (In Kazakh)

Sabyr, M. (2003). *Qutyptyн "Khusrau men Shyryn" poiemasy zhane onyn tili*. Qazaq universiteti. (In Kazakh)

Sadigova, N. (2025). Romantic Motifs in the Works of Nizami Ganjavi. *Global Spectrum of Research and Humanities*. <https://doi.org/10.69760/gsrh.0250205042>.

Sarhaddi, F. (2020). Exploration of Binary Oppositions in Nizami's Romantic Couplet Poems in Lyrical Literature. *Revista San Gregorio*, 1. <https://doi.org/10.36097/rsan.v1i37.1282>.

Suiinishaliev, Kh. (2006). *Qazaq adebietinin tarihy*. Sanat. (In Kazakh)

Zaionchkovskii, A. (1962). *Blizhnii i Srednii Vostok*. (pp. 56–62). Izdatel'stvo vostochnoi literatury. (In Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Сағымжанова Талиын Бақбергенқызы (корреспондент-автор) – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: talshyn_s.95@mail.ru);

Сағындық Нұрлан Берікбайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: sagyndyknb@gmail.com).

Information about the authors:

Sagymzhanova Talshyn (corresponding author) – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: talshyn_s.95@mail.ru);

Sagyndyk Nurlan – Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: sagyndyknb@gmail.com).

Сведения об авторах:

Сағимжанова Талшын Бакбергенқызы (автор-корреспондент) – PhD-докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: talshyn_s.95@mail.ru);

Сағындык Нурлан Берикбайұлы – кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: sagyndyknb@gmail.com).

Келіп түсті: 13 қаңтар 2025 жыл

Қабылданды: 20 наурыз 2026 жыл